

«ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ» ГРАНТЫ

«Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты

Мақсаты: 14 пен 35 жас аралығындағы азаматтарға өз жобасын дамытуға мүмкіндік беру.

Өтінімде:

- жобаның сипаттамасы;
- жобаның бейне таныстырылымы (алпыс секундтан аспайды);
- шығыстар сметасының жобасы;
- зияткерлік меншік туралы мәліметтер (бар болса) қамтылуға тиіс.

Грант сомасы – 3 000 000 теңге



Грант жеңіп алған адам үш айда бір рет жобаның іске асырылу барысы туралы уәкілетті органға есеп ұсынады.

Уәкілетті орган күнтізбелік бір жыл ішінде грант қаржысының мақсатты пайдаланылуын қадағалайды.

Биыл өңірлерде жергілікті әкімдіктің қолдауымен облыстық «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты қосымша өтуде.

Грант конкурстық негізде 5 бағыт бойынша беріледі:

- 1 **«Бизнес»** – жаңа бизнес-идеяларды іске асыру;
- 2 **«Ғылым»** – жаңа ғылыми жобаларды мен зерттеулерді іске асыру;
- 3 **«Медиа»** – медиа жобаларды, жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент құру жөніндегі жобаларды іске асыру.
- 4 **«Мәдениет»** – ҚР мәдени мұрасын танымал етуге, халықтық мәдени дәстүрлер мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобалар;
- 5 **«Ақпараттық технологиялар»** – жаңа IT шешімдер мен жобаларды, стартап жобаларды іске асыру және әзірлеу;

Мақсат – белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жастардың жаңа және қолданыстағы бастамаларын мемлекет тарапынан қолдау.

Конкурсқа Қазақстан Республикасының он төрт жастан бастап, отыз бес жасқа дейінгі азаматтары үміткер бола алады.

Гранттар 5 бағыт бойынша беріледі:

1) **«Ғылым»** – ғылымның басым секторларында жаңа ғылыми жобаларды және зерттеулерді іске асыруға арналған;

2) **«Мәдениет»** – Қазақстанның мәдени мұрасын танымал етуге, халықтық мәдени дәстүрлер мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыруға арналған;

3) **«Ақпараттық технологиялар»** – жаңа IT шешімдер мен жобаларды, оның ішінде жаңадан басталған стартап жобаларды іске асыруға және әзірлеуге арналған;

4) **«Бизнес»** – экономиканың басым секторларында жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған;

5) **«Медиа»** – жаңа медиа жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент құру жөніндегі жобаларды іске асыруға арналған.